



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТИНІҢ  
**ЖАРЛЫҒЫ**

**УКАЗ**  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары және мемлекеттік фельдъегерлік қызметі қызметкерлерінің әдеп кодексін бекіту туралы**

«Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары және мемлекеттік фельдъегерлік қызметі қызметкерлерінің әдеп кодексі бекітілсін.

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

К. Тоқаев

Астана, Ақорда, 2023 жылғы 2 қантар

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2023 жылғы 2 қаңтардағы  
№ 81 Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау  
органдары және мемлекеттік фельдъегерлік қызметі қызметкерлерінің  
әдеп кодексі**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары және мемлекеттік фельдъегерлік қызметі қызметкерлерінің әдеп кодексі (бұдан әрі – Кодекс) «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары және мемлекеттік фельдъегерлік қызметі қызметкерлерінің (бұдан әрі – қызметкерлер) бірыңғай әдеп қағидаттары мен мінез-құлқына қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы және мемлекеттік фельдъегерлік қызметіндегі қызмет қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және қызметкерлердің адамгершілігі мен моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қояды.

Осы Кодекстің мақсаты құқық қорғау қызметінің ерекшеліктерін және оны өткеруге байланысты шектеулерді ескере отырып, қызметкерлердің мінез-құлқына қойылатын бірыңғай талаптарды белгілеу болып табылады.

Кодекс құқық қорғау қызметінің беделін, азаматтардың мемлекетке деген сенімін нығайтуға, құқық қорғау қызметінде өзара қарым-қатынастардың жоғары мәдениетін және парасаттылық атмосферасын қалыптастыруға, қызметкерлердің мінез-құлқының бірыңғай адамгершілік-моральдық негізін қамтамасыз етуге, қызметкерлердің өз лауазымдық міндеттерін орындаудың тиімділігін арттыруға ықпал етуге арналған, сондай-ақ қызметкерлердің әдепсіз мінез-құлқы жағдайларының алдын алуға бағытталған.

Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының, азаматтық қорғау органдарының және мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің алдында тұрған адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, жеке және занды тұлғалардың, мемлекеттің занды мүдделерін сақтау және қорғау жөніндегі міндеттерді табысты іске асыру қызметкерлердің жоғары кәсіблілігінің, адалдығы мен риясыздығының, олардың тәуелсіздігі мен бейтараптылығының, қызметтік жұмыстағы нәтижелеріне кез келген зансыз ықпал ету әрекеттеріне қарсы тұру қабілетінің негізінде ғана жүзеге асырылуға тиіс.

Қызметкерлер билік өкілдері ретінде антқа адал болуға, қоғам мен мемлекет алдындағы жеке жауапкершілігін терен ұғынуға және жүргізіліп отырған мемлекеттік саясатты жақтауға тиіс.

3. Кодекстің мәтіні Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары және мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің ғимараттарында көпшіліктің қарауына қолжетімді жерлерде орналастырылады.

4. Осы Кодексте белгіленген қызметтік әдел талаптары барлық қызметкерлер үшін міндетті.

Адам Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары және мемлекеттік фельдъегерлік қызметіне қызметке тұрганнан кейін үш күн мерзімде жазбаша нысанда осы Кодекстің мәтінімен таныстырылуға тиіс.

## **2-тaraу. Құқық қорғау қызметінің әдел қағидаттары**

5. Қызметкерлердің қызметтік әдебі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдел кодексінде белгіленген мемлекеттік қызметтің әдел қағидаттарына және құқық қорғау қызметінің арнайы әдел қағидаттарына негізделеді.

6. Құқық қорғау қызметінің арнайы әдел қағидаттарына:

1) офицерлік ар-намыс – азаматтық және қызметтік борышқа, қабылданған адамгершілік міндеттемелеріне адалдығынан көрініс табатын қызметкердің басты ішкі қадір-қасиеті, оның айбындылығы, парасаттылығы мен ар-ожданының тазалығы, адал абыройы, игі атағы, жеке басының беделі;

2) жоғары адамгершілік – өзінің және бағынысты адамдардың ар-намыс ұғымының мәнін түсінуі, әділдікті барынша сезіну, моральдық тазалық пен руханилық, кәсіби міндеттерге жоғары дәрежеде қоғамға пайдалы және қажетті міндеттер ретінде саналы түрде қарау;

3) жанашырлық – адаммен және азamatpen мейірімді қарым-қатынас жасау, олардың игілігі үшін жәрдемдесуге дайын болу, адамдармен қарым-қатынас кезінде біркелкі тұлғалық ұстанымды негізге алу;

4) өзіндік тәртіп – эмоциялық жай-күйіне қарамастан, шешім қабылдау және әрекет ету қабілеттілігі;

5) ізгілік – адамгершілік, көмекке келуге дайын болу, туындаған жағдайды және зардап шеккен адамдардың дәрменсіздігін ешқашан пайдакүнемдік мақсатта пайдаланбау, әрбір адамның жалпы адамзаттық құқықтарын алаламай тану жатады.

### **3-тарау. Қызметкерлерге қойылатын жалпы талаптар**

7. Қызметкерлер азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің алдындағы жауапкершілікті сезіне отырып:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерін мүлтіксіз сақтауға, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін қастерлеуге және құрметтеуге;

2) заңның кез келген бұзушылықтарымен, оларды кімнің жасағанына қарамастан қарсы күресуге, адам мен азаматтың заңмен қорғалатын құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғау үшін уақтылы тиімді шаралар қабылдауға, заңды бұзушылықтарды жоюға және бұзылған құқықтарды қалпына келтіруге қол жеткізуге;

3) өз іс-әрекеттерімен мемлекеттік биліктің беделін, азаматтар мен қоғамның мемлекет институттарына сенімін нығайтуға ықпал етуге;

4) адамның және азаматтың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуге, оларды бұзумен ұштасын іс-әрекеттерге жол бермеуге, шағымдарға сергек ден қоюға;

5) шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мұліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне және өзге де мән-жайларға қарамастан, адамның және азаматтың арнамысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

6) Қазақстан Республикасының, мемлекеттік биліктің, құқық қорғау органдың беделін түсіретін, қоғамдық теріс резонанс тудыратын әрекеттердің жасалуына жол бермеуге, олардың абырайына нұқсан келтіруі мүмкін мінезд құлық көрсетпеуге;

7) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге;

8) мемлекеттік тілге және басқа да тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

9) кәсіби біліктілігін, жалпы білімін және мәдени деңгейін үнемі жоғарылатуға, жалпы қабылданған адамгершілік қағидаттары мен нормаларын сақтауға, қоғамның қажеттілігін қанағаттандыруға ұмтылуға, қызметте және тұрмыста жоғары интеллект пен мәдениеттің үлгісі болуға;

10) қоғамға дайындығы бар және білікті қызметкер ғана пайда әкелуі мүмкін екенін әрдайым есте ұстауға, өзінің біліктілігін арттыруға, кәсіби даярлық жолымен жетілуге, жан-жақты дамыған, жоғары білімді болуға ұмтылуға, қызметте озық тәжірибелі сауатты пайдалануға;

11) қарапайым болуға, сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеуге, өзінің қызметтік жағдайын асыра көрсетпеуге және пайдаланбауға;

12) қызметкердің жоғары атағына нұқсан келтіруі мүмкін қатынастардан аулақ болуға;

13) өзіне талапшыл болуға, табанды, шыншыл болуға, кәсіби міндеттерін бейтарап және объективті атқаруына әсер етуі мүмкін қаржылық және іскери өзара қарым-қатынастардан тартынуға;

14) мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз етуге, мемлекеттік мүлікті лауазымдық міндеттерін орындау үшін нысаналы мақсатта ғана пайдалануға;

15) қызметтік жағдайын мемлекеттік мұддеге қол жеткізу үшін ғана пайдалануға тиіс.

#### **4-тaraу. Қызметкерлердің қызметтік міндеттерін жүзеге асыруына байланысты оларға қойылатын талаптар**

8. Қызметкерлер өздерінің қызметтік іс-әрекеттерінде:

1) өз функцияларын адал, әділ және бейтарап жүзеге асыруға, мемлекет берген өкілеттіктерді қисынды, қатаң түрде заң шенберінде пайдалануға, зандылық пен құқық тәртібін нығайтуға қол жеткізуге;

2) зандылықтың бұзушылықтарын, оларға ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтау мен жою және бұзылған құқықтарды қалпына келтіру бойынша занда көзделген барлық шараларды қабылдауға;

3) өзінің кәсіби қызметінде жеке басының мұддесінен мемлекеттік және қызметтік мұddenің басым екенін тануға;

4) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу бойынша шаралар қабылдауға, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасау фактілеріне жол бермеуге, кімнің жасағанына қарамастан, сыйбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне қарсы тұруға және төзбеуге;

5) өздеріне белгілі болған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары, сондай-ақ өздеріне қандай да бір адамдардың сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру мақсатында жүргіну фактілері туралы басшылықтың назарына дереу жеткізуге;

6) шешімдерде бейтараптың танытуға, өздеріне қандай да бір теріс пікірлердің, дұшпандық немесе достық өзара қарым-қатынастардың, ұлт пен діни сенімнің әсер етуіне жол бермеуге;

7) Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды, сондай-ақ қызмет өткеруге байланысты талаптарды мұлтіксіз сақтауға;

8) мұдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу бойынша Қазақстан Республикасының заннамасында көзделген шараларды қабылдауға;

9) қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де ақпараттың жария етілуіне жол бермеуге, сондай-ақ басқа адамдар тарапынан осындей фактілердің жолын кесуге;

10) ізгілік танытуға, қайсар және батыл болуға, адамдардың өмірін құтқаруды талап ететін жағдайда қауіп алдында тоқтамауға;

11) әріптері мен өзге де мемлекеттік қызметшілер тарапынан қызметтік әдеп нормаларын бұзу фактілерінің жолын кесуге;

12) жүртшылық тарапынан айтылатын сынға себепкер болмауға, ол үшін қудалауға жол бермеуге және сын негізді болған жағдайда оны кемшіліктерді жою үшін пайдалануға;

13) моральдық-психологиялық төзімді, ұстамды болуға, субординацияны сақтауға, әріптерімен ізеттілік қарым-қатынаста болуға, азаматтармен қарым-қатынаста сыпайылық пен зейінділік танытуға;

14) мемлекеттік билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардың өкілдерімен өзара қарым-қатынастарда тәуелсіздікті сақтауға, әдептілік пен құрмет, талапшылдық пен табандылық танытуға;

15) нысанды киім-кешекті құрметпен және абыраймен киіп жүргуге, оны киіп жүру қафидаларын сақтауға тиіс.

## **5-тaraу. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы және мемлекеттік фельдъегерлік қызметіндегі басшылық лауазымдағы қызметкерлерге қойылатын талаптар**

9. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы және мемлекеттік фельдъегерлік қызметіндегі басшылық лауазымдағы қызметкерлерге мынадай:

1) басқарудың тиімділігін үйлестіре білу, ұжымда салауатты моральдық-психологиялық ахуалды орнатуға және қолдауға жәрдемдесу, қызметкерлердің адамгершілік мәдениетін қалыптастыру, бағынысты адамдарға қамқорлық жасау, олардың әлеуметтік-құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету;

2) жұмыстың көлемі мен сипатын айқындау кезінде әділдік, бағынысты жұмыскерлердің жеке және іскерлік қасиеттерін, біліктілігі мен жұмыс тәжірибесін ескеру қафидаттарын басшылыққа алу;

3) бағыныстыларға қатысты қызметте өсіру кезінде құқыққа сыйымсыз кедергілер жасауға, көтермелеген, атtestаттаудан ету кезінде кәсіби, іскерлік және жеке қасиеттерін бағалауда әділетсіз көзқарас фактілеріне жол бермеу, дөрекілік, әдепсіздік танытпау және адамгершілік қадір-қасиетін қорламау;

4) бағынысты адамдарды жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларынан тыс құқыққа қарсы теріс қылыштарды жасауға мәжбүрлемеу;

5) қызметкерлердің ең үздік қызметтік дәстүрлерін: патриоттықты, ерлік пен адал ниеттілікти, парасаттылықты және өзін-өзі құрбан етуді, адамның мұқтаждығы мен қайғысына көніл белуді, борышқа адалдықты, шеберлік пен кәсібілікті сақтау және құрметтеу;

6) бағынысты адамдардың бойында жоғары жалпы және кәсіби мәдениеттілікті тәрбиелеу, осы Кодекстің талаптарын мултіксіз сақтаудың үлгісі болу;

7) кадрларды туысқандық, жерлестік және жеке өзіне берілгендей белгілері бойынша іріктеу және орналастыру жағдайларын болдырмау, меритократия қағидатын басшылыққа алу;

8) жас мамандардың кәсіби дағдыларды менгеруіне қолдау және көмек көрсету талаптары қойылады.

#### **6-тaraу. Қөпшілік алдында сөз сөйлеуді жүзеге асыру кезінде қызметкерлерге қойылатын талаптар**

10. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары және мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің мәселелері бойынша қөпшілік алдында сөз сөйлеуді олардың басшылары немесе осыған олар уәкілеттік берген лауазымды адамдар жүзеге асырады.

Қызметкерлер пікірталасты Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының, азаматтық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметі мен мемлекеттік биліктің беделіне нұқсан келтірмей сыпайы түрде жүргізуге тиіс.

11. Қызметкерлер мемлекеттік саясат және қызметтік жұмыс мәселелері бойынша өз пікірін, егер ол:

- 1) мемлекет саясатының негізгі бағыттарына сәйкес келмесе;
- 2) жариялауға рұқсат етілмеген қызметтік ақпаратты аштын болса;

3) мемлекеттің, мемлекеттік басқару органдарының лауазымды адамдарының, Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары және мемлекеттік фельдъегерлік қызметі қызметкерлерінің, мемлекеттік қызметшілердің, жеке және занды тұлғалардың атына әдепсіз сөздерді қамтыса, қөпшілік алдында айтпауға тиіс.

#### **7-тaraу. Қызметкерлердің осы Кодекстің талаптарын бұзғаны үшін жауаптылығы**

12. Қызметкерлер осы Кодексте көзделген талаптарды орындамағаны немесе бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауаптылықта болады.

---



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТИНІҢ  
**ЖАРЛЫҒЫ**

**УКАЗ**  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**Об утверждении Этического кодекса сотрудников правоохранительных органов, органов гражданской защиты и государственной фельдъегерской службы Республики Казахстан**

В соответствии с подпунктом 7) пункта 1 статьи 16 Закона Республики Казахстан «О правоохранительной службе» **ПОСТАНОВЛЯЮ:**

1. Утвердить прилагаемый Этический кодекс сотрудников правоохранительных органов, органов гражданской защиты и государственной фельдъегерской службы Республики Казахстан.

2. Настоящий Указ вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

Президент  
Республики Казахстан

**К. Токаев**

Астана, Акорда, 2 января 2023 года



УТВЕРЖДЕН  
Указом Президента  
Республики Казахстан  
от 2 января 2023 года  
№ 81

**Этический кодекс сотрудников правоохранительных органов,  
органов гражданской защиты и государственной фельдъегерской службы  
Республики Казахстан**

**Глава 1. Общие положения**

1. Настоящий Этический кодекс сотрудников правоохранительных органов, органов гражданской защиты и государственной фельдъегерской службы Республики Казахстан (далее – Кодекс) разработан в соответствии с подпунктом 7) пункта 1 статьи 16 Закона Республики Казахстан «О правоохранительной службе» и определяет единые этические принципы и требования к поведению сотрудников правоохранительных органов, органов гражданской защиты и государственной фельдъегерской службы Республики Казахстан (далее – сотрудники).

2. Служба в правоохранительных органах, органах гражданской защиты и государственной фельдъегерской службе Республики Казахстан является выражением особого доверия со стороны общества и государства и предъявляет высокие требования к нравственности и морально-этическому облику сотрудников.

Целью настоящего Кодекса является установление единых требований к поведению сотрудников с учетом особенностей правоохранительной службы и ограничений, связанных с ее прохождением.

Кодекс призван содействовать укреплению авторитета правоохранительной службы, доверия граждан к государству, формированию высокой культуры взаимоотношений на правоохранительной службе и созданию атмосферы добропорядочности, обеспечить единую нравственно-моральную основу поведения сотрудников, повысить эффективность выполнения сотрудниками своих должностных обязанностей, а также направлен на предупреждение случаев неэтичного поведения сотрудников.

Успешная реализация стоящих перед правоохранительными органами, органами гражданской защиты и государственной фельдъегерской службой Республики Казахстан задач по соблюдению и защите прав и свобод человека и гражданина, законных интересов физических и юридических лиц, государства должна осуществляться только на основе высокого профессионализма, честности и неподкупности сотрудников, их независимости и беспристрастности, способности противостоять любым попыткам неправомерного воздействия на результаты служебной деятельности.

Являясь представителями власти, сотрудники должны быть верными присяге, глубоко осознавать свою личную ответственность перед обществом и государством и быть приверженными проводимой государственной политике.

3. Текст Кодекса размещается в зданиях правоохранительных органов, органов гражданской защиты и государственной фельдъегерской службы Республики Казахстан в местах, доступных для всеобщего обозрения.

4. Требования служебной этики, установленные настоящим Кодексом, обязательны для всех сотрудников.

Лицо после поступления на службу в правоохранительные органы, органы гражданской защиты и государственной фельдъегерской службы Республики Казахстан подлежит в трехдневный срок ознакомлению в письменной форме с текстом настоящего Кодекса.

## **Глава 2. Этические принципы правоохранительной службы**

5. Служебная этика сотрудников основывается на этических принципах государственной службы, установленных в Этическом кодексе государственных служащих Республики Казахстан, утвержденном Указом Президента Республики Казахстан от 29 декабря 2015 года № 153, и специальных этических принципах правоохранительной службы.

6. К специальным этическим принципам правоохранительной службы относятся:

1) офицерская честь – главное внутреннее достоинство сотрудника, его доблесть, благородство души и чистая совесть, репутация честного сотрудника, доброе имя, личный авторитет, которые проявляются в верности гражданскому и служебному долгу, принятым нравственным обязательствам;

2) высокая нравственность – осознание значения понятия чести для себя и подчиненных, повышенное чувство справедливости, моральная чистота и духовность, осмыщенное отношение к профессиональным обязанностям как к обязанностям в высшей степени общественно-полезным и необходимым;

3) доброжелательность – доброе отношение к человеку и гражданину, готовность содействовать их благополучию, при общении с людьми исходить из непредвзятой личностной установки;

4) самодисциплина – способность принимать решения и осуществлять действия независимо от эмоционального состояния;

5) гуманность – человечность, готовность прийти на помощь, никогда не использовать сложившуюся ситуацию и беспомощность пострадавших в корыстных целях, признание за каждым, без исключения, человеком общечеловеческих прав.

### **Глава 3. Общие требования, предъявляемые к сотрудникам**

**7. Сотрудники, осознавая ответственность перед гражданами, обществом и государством, должны:**

1) неукоснительно соблюдать Конституцию, законы и иные нормативные правовые акты Республики Казахстан, чтить и уважать государственные символы Республики Казахстан;

2) бороться с любыми нарушениями закона, кем бы они ни совершились, своевременно принимать эффективные меры к защите охраняемых законом прав и свобод человека и гражданина, а также интересов общества и государства, добиваться устранения нарушений закона и восстановления нарушенных прав;

3) способствовать своими действиями укреплению авторитета государственной власти, доверия граждан и общества к институтам государства;

4) обеспечивать соблюдение и защиту прав, свобод и законных интересов человека и гражданина, охраняемых законом интересов юридических лиц, общества и государства, не допускать действий, сопряженных с их нарушением, чутко реагировать на жалобы;

5) уважать честь и достоинство человека и гражданина независимо от происхождения, социального, должностного и имущественного положения, пола, расы, национальности, языка, отношения к религии, убеждений, места жительства и иных обстоятельств;

6) не допускать совершения действий, способных дискредитировать Республику Казахстан, государственную власть, правоохранительный орган, вызывающих негативный общественный резонанс, воздерживаться от поведения, которое может навредить их репутации;

7) способствовать укреплению единства народа Казахстана и межнационального и межконфессионального согласия в стране;

8) уважительно относиться к государственному и другим языкам, традициям и обычаям народа Казахстана;

9) постоянно повышать профессиональную квалификацию, общеобразовательный и культурный уровень, соблюдать общепринятые принципы и нормы нравственности, стремиться к удовлетворению потребности общества, стать образцом высокого интеллекта и культуры на службе и в быту;

10) постоянно помнить, что пользу обществу может принести только подготовленный и квалифицированный сотрудник, повышать свою квалификацию, совершенствоваться путем профессиональной подготовки, стремиться быть всесторонне развитым, высокообразованным, на службе грамотно использовать передовой опыт;

11) быть скромным, исключать коррупционные риски, не подчеркивать и не использовать свое служебное положение;

12) избегать отношений, которые могут скомпрометировать высокое звание сотрудника;

13) быть требовательным к себе, принципиальным, правдивым, воздерживаться от финансовых и деловых взаимоотношений, которые могут повлиять на беспристрастность и объективность исполнения профессиональных обязанностей;

14) обеспечивать сохранность государственной собственности, использовать государственное имущество только по целевому назначению для выполнения должностных обязанностей;

15) использовать служебное положение исключительно для достижения государственных интересов.

#### **Глава 4. Требования, предъявляемые к сотрудникам в связи с осуществлением ими служебных обязанностей**

8. Сотрудники в своей служебной деятельности должны:

1) осуществлять свои функции честно, справедливо и беспристрастно, использовать предоставленные государством полномочия разумно, строго в рамках закона, добиваться укрепления законности и правопорядка;

2) принимать все предусмотренные законом меры по выявлению и устранению нарушений законности, причин и условий, им способствовавших, и восстановлению нарушенных прав;

3) признавать в своей профессиональной деятельности приоритет государственных и служебных интересов над личными;

4) принимать меры по предупреждению коррупционных правонарушений, не допускать фактов совершения коррупционных правонарушений, противостоять и быть нетерпимыми к любым проявлениям коррупции, от кого бы они не исходили;

5) незамедлительно доводить до сведения руководства о ставших им известных случаях коррупционных правонарушений, а также о фактах обращения к ним каких-либо лиц с целью склонения к совершению коррупционных правонарушений;

6) проявлять беспристрастие в решениях, не допускать влияния на них каких-либо предубеждений, враждебных или дружеских взаимоотношений, национальности и вероисповедания;

7) неукоснительно соблюдать установленные законами Республики Казахстан ограничения и запреты, а также требования, связанные с прохождением службы;

8) принимать предусмотренные законодательством Республики Казахстан меры по предотвращению и урегулированию конфликта интересов;

9) не допускать разглашения служебной и иной охраняемой законом информации, а также пресекать подобные факты со стороны других лиц;

10) проявлять гуманизм, быть мужественным и смелым, не останавливаться перед лицом опасности в обстановке, требующей спасения жизни людей;

11) пресекать факты нарушения норм служебной этики со стороны коллег и иных государственных служащих;

12) не давать повода для критики со стороны общественности, не допускать преследования за нее и в случае обоснованности критики использовать ее для устранения недостатков;

13) обладать морально-психологической устойчивостью, выдержанностью, соблюдать субординацию, поддерживать доброжелательные отношения с коллегами, проявлять корректность и внимательность в обращении с гражданами;

14) во взаимоотношениях с представителями органов государственной власти, органов местного самоуправления, общественных объединений, коммерческих и некоммерческих организаций сохранять независимость, проявлять тактичность и уважение, требовательность и принципиальность;

15) с честью и достоинством носить форму, соблюдать правила ее ношения.

## **Глава 5. Требования к сотрудникам, занимающим руководящие должности в правоохранительных органах, органах гражданской защиты и государственной фельдъегерской службе Республики Казахстан**

9. К сотрудникам, занимающим руководящие должности в правоохранительных органах, органах гражданской защиты и государственной фельдъегерской службе Республики Казахстан предъявляются следующие требования:

1) умение сочетать эффективность управления, содействовать установлению и поддержанию в коллективе здорового морально-психологического климата, формировать нравственную культуру сотрудников, заботиться о подчиненных, обеспечивать их социально-правовую защиту;

2) руководствоватьсяся при определении объема и характера работы принципами справедливости, учета личных и деловых качеств, квалификации и опыта работы подчиненных работников.

3) не допускать по отношению к подчиненным создания неправомерных препятствий при продвижении по службе, фактов необъективного подхода к оценке профессиональных, деловых и личностных качеств при поощрении, прохождении аттестации, не позволять грубости, бес tactности и унижения человеческого достоинства;

4) не ненуждать подчиненных к совершению противоправных преступков, не совместимых с общепринятыми морально-этическими нормами;

5) хранить и чтить лучшие служебные традиции сотрудников: патриотизм, мужество и бескорыстие, благородство и самопожертвование, чуткость к людским нуждам и горю, верность долгу, мастерство и профессионализм;

6) воспитывать у подчиненных высокую общую и профессиональную культуру, быть примером неукоснительного соблюдения требований настоящего Кодекса;

7) исключить случаи подбора и расстановки кадров по признакам родства, землячества и личной преданности, руководствоваться принципом меритократии;

8) оказывать поддержку и помочь молодым специалистам в приобретении профессиональных навыков.

## **Глава 6. Требования к сотрудникам при осуществлении публичных выступлений**

10. Публичные выступления по вопросам деятельности правоохранительных органов, органов гражданской защиты и государственной фельдъегерской службы Республики Казахстан осуществляются их руководителями или уполномоченными ими должностными лицами.

Сотрудники должны вести дискуссии в корректной форме, не подрывая авторитет правоохранительных органов, органов гражданской защиты и государственной фельдъегерской службы Республики Казахстан и государственной власти.

11. Сотрудникам не следует публично выражать свое мнение по вопросам государственной политики и служебной деятельности, если оно:

1) не соответствует основным направлениям политики государства;

2) раскрывает служебную информацию, которая не разрешена к обнародованию;

3) содержит неэтичные высказывания в адрес должностных лиц государства, органов государственного управления, сотрудников правоохранительных органов, органов гражданской защиты и государственной фельдъегерской службы Республики Казахстан, государственных служащих, физических и юридических лиц.

## **Глава 7. Ответственность сотрудников за нарушение требований настоящего Кодекса**

12. За неисполнение или нарушение требований, предусмотренных настоящим Кодексом, сотрудники несут ответственность в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

---